

| | | |
|--|---|---|
| ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК | Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы | 2024ж. 30 сәуір 1-бет 8-нан Редакция 2 |
|--|---|---|

БЕКІТЕМІН

ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»

ШЖҚ РМК Басқарма төрағасы

_____ Т. Мұратов

2024 жылғы « ____ » _____

**ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК
Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісінің
лауазымдық нұсқаулығы**

| | | |
|---|--|---|
| ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК | Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы | 2024ж. 30 сәуір 2-бет 8-нан Редакция 2 |
|---|--|---|

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісінің біліктілік талаптарын, лауазымдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2. Қауіпсіздік жөніндегі кеңесші (бұдан әрі – Кеңесші) ҰШМҮО басшылар санатына жатады.

1.3. Кеңесші өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, ҰШМҮО Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын, сондай-ақ осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

1.4. Кеңесші Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес ҰШМҮО Байқау кеңесінің шешімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

1.5. Кеңесші өз міндеттерін (функцияларын) орындау кезінде ҰШМҮО Байқау кеңесіне тікелей есеп береді.

1.6. Кеңесші уақытша болмаған жағдайда (іссапар, демалыс, ауру және т.б.) оның міндеттерін тиісті құқықтарға ие болатын және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауап беретін ҰШМҮО Басқарма төрағасының тиісті бұйрығына сәйкес міндеттерді орындау жүктелген қызметкер орындайды.

2. Біліктілік талаптары

2.1. Кеңесші лауазымына жоғары заң білімі, құқық қорғау (арнаулы) органдарында басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

2.2. Кеңесші:

1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, ақпараттық қауіпсіздік, азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық құқық және күзет қызметін реттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді;

2) ҰШМҮО қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды;

3) ішкі еңбек тәртібі, өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптарын;

4) ҰШМҮО бейіні мен құрылымын;

| | | |
|---|--|---|
| ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК | Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы | 2024ж. 30 сәуір 3-бет 8-нан Редакция 2 |
|---|--|---|

5) ҰШМҮО объектісінің күзеті мен қауіпсіздігін ұйымдастыру қағидаттарын;

б) медициналық алғашқы көмек көрсетудің жалпы қағидаттары, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау қағидалары мен нормаларын білуі керек.

3. Кеңесшінің міндеттері

3.1. Кеңесші ҰШМҮО-да кешенді қауіпсіздікті ұйымдастыру, қоғамдық тәртіптің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және терроризмге қарсы қауіпсіздіктің сақталуын тексерудің бақылау іс-шараларын, ҰШМҮО-да белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын жүргізу жөніндегі жұмыстардың үйлестірушісі болып табылады.

3.2. Кеңесші ҰШМҮО-ның жеке қауіпсіздік қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

3.3. Кеңесші:

1) ҰШМҮО-да қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтауға, оны ұжымда қолдауға жәрдемдесуге, оның сақталуына қатаң бақылауды жүзеге асыруға;

2) ҰШМҮО-да қоғамдық, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша профилактикалық және насихаттық іс-шараларды ұйымдастыруға;

3) ҰШМҮО кешенді қауіпсіздік мәселесі бойынша құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қолдауға;

4) ҰШМҮО аумағында объектілерді кешенді қауіпсіздік және сенімді қорғау жүйесін ұйымдастыру, ҰШМҮО қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігі мәселелері бойынша Басқармаға ұсыныстар енгізуге;

5) ҰШМҮО қауіпсіздігін бұзу қаупі туындаған жағдайда қызметкерлердің іс-қимыл әдістемесін әзірлеуге қатысуға;

6) ҰШМҮО ішкі құжаттарын әзірлеуге қатысуға (ережелер, қағидалар, әдістемелер және басқалар);

7) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;

8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалауға;

10) ҰШМҮО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеуге;

| | | |
|--|---|---|
| <p>ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК</p> | <p>Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы</p> | <p>2024ж. 30 сәуір 4-бет 8-нан Редакция 2</p> |
|--|---|---|

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізуге;

12) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;

13) Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын ҰШМҮО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізуге;

14) ҰШМҮО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын бақылауға;

15) азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурызда № 32211 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге;

16) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз етуге;

17) сыбайлас жемқорлық фактілері және/немесе оларға қатысу туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізуге;

18) ҰШМҮО қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіруге;

19) ҰШМҮО қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсетуге;

20) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша субъективті практикадағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізуге;

21) ҰШМҮО-ның барлық комиссияларына қатысуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бөлігінде ұсыныстар енгізуге;

22) жеке қауіпсіздігі қызметінің қызметтік ақпаратының ақпараттық қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз ету және деректерді үшінші тұлғаларға санкцияланбайтын берудің алдын алуға;

23) ҰШМҮО Байқау кеңесінің және ҰШМҮО төрағасының тапсырмасы бойынша әртүрлі бұзушылық фактілері бойынша қызметтік тергеулер жүргізуге міндетті.

4. Кеңесшінің құқықтары

Кеңесшінің:

| | | |
|--|---|---|
| ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК | Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы | 2024ж. 30 сәуір 5-бет 8-нан Редакция 2 |
|--|---|---|

4.1. Өз функцияларын орындау және жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен басқа құрылымдық бөлімшелерден сұратуға және алуға;

4.2. ҰШМҮО Басқарма төрағасының келісімі бойынша жекелеген тапсырмаларды орындау және жоспарлы іс-шараларды іске асыру үшін ҰШМҮО-ның басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тартуға;

4.3. Өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысуға;

4.4. ҰШМҮО Басқармасының қарауына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасауға;

4.5. Ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға;

4.6. Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізуге;

4.7. Сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзу бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

4.8. ҰШМҮО Байқау кеңесі мен ҰШМҮО Басқарма төрағасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етуге;

4.9. ҰШМҮО ішкі құжаттарында белгіленген ережелер мен рәсімдерге сәйкес қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың барлық түрлерін пайдалануға;

4.10. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

5. Кеңесшінің жауапкершілігі

Кеңесші:

5.1. Осы лауазымдық нұсқаулықпен жүктелген міндеттерді сапалы және уақтылы орындалуына;

5.2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

5.3. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде – Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде жасалған құқық бұзушылықтар үшін;

| | | |
|--|---|---|
| ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК | Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы | 2024ж. 30 сәуір 6-бет 8-нан Редакция 2 |
|--|---|---|

5.4. Еңбек тәртібін, қауіпсіздік техникасын, еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуына;

5.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, еңбек шартына және ҰШМҮО-ның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өзге де жауапкершілікке жауапты болады.

| | | |
|--|---|---|
| ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК | Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы | 2024ж. 30 сәуір 7-бет 8-нан Редакция 2 |
|--|---|---|

Келісу парағы

| № п/п | Құрылым атауы | Құжатты келіскен тұлғаның лауазымы | Құжатты келіскен тұлғаның тегі мен аты-жөні | Қолы | Күні |
|------------------|--------------------------------|---|--|-------------|-------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Құқықпен қамтамасыз ету бөлімі | Бөлім бастығының міндетін атқарушы | Д.С. Рахметов | | |
| 2 | Адами ресурстар бөлімі | Бөлім басшысы | Б.Н. Қалмырза | | |

